

## 6B01701-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Қазақ тілі мен әдебиетінің оқыту әдістері негізінде әдеби дәстүрде білім алған, мәдениетті ұлт тәрбиелеуге қабілетті кәсіби мұғалімдер дайындау.

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### **Бағдары:**

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

**Миссиясы:** Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### **Бағдарламалық мақсаты:**

Қазақ тілі мен әдебиетінің оқыту әдістері негізінде әдеби дәстүрде білім алған, мәдениетті ұлт тәрбиелеуге қабілетті кәсіби мұғалімдер дайындау.

#### **Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

#### **Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ұлттық ішкі саясатының бағыттары мен мақсаттарына сәйкес, мемлекеттік ЖОО білім беру мен ғылым бағдарламаларының талаптарына және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарымен толық сәйкеседі. Сөз өнерінің тарихы мен теориясын тереңдетіп оқыту арқылы білім алушының бойында кәсіби теориялық біліммен қатар, мемлекеттік тіл аясын кеңейту, рухани жаңғыру, дәстүрді сақтау, Отанды сүю сынды адамгершілік құндылықтар мен патриоттық сезімдерді дамытады.

### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	С.Аманжолов атындағы ШҚУ КЕАҚ Нийде Омер Халисдемир университеті. Түркия
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	«Копирайтер-әдебиетші»

## **Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

- Билкент университеті мен сәйкестік – 40 %
- Анкара университеті мен сәйкестік – 75 %
- Мармара университетімен сәйкестік -75% (Түркия)

## **1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТИҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері мемлекеттің негізін құраушы ұлт тілінде қызмет ететін негізгі педагогикалық кадрлар болып табылады. «Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің статистикасы» ұлттық жинағының статистикалық деректері деректеріне сәйкес (2021-2022 жыл «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ), 2022 оқу жылында Қазақстанда күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің саны 32 047 адамды құраған, оның ішінде 5317 педагог 50 жастан жоғары, демек, ресми статистика негізінде республикадағы 1264 мектеп БББ түлектері үшін әлеуетті жұмыс беруші болып табылады.

Педагогикалық мамандықтарға деген сұраныс қыз балалар арасында жоғарылығын ескерер болсақ, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті аймақтық тұрғыдан да, республика деңгейінде де тартымды оқу орны болып табылатындығы дәлелдеуді қажет етпейді.

- жалпы білім беретін орта мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, техникалық және кәсіптік оқу орындарында, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі;
- білім беру орталықтарында, мектепке дайындық курстарында және әртүрлі меншік нысанындағы басқа да білім беру мекемелерінде репетитор;
- ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер;
- әдеби, мәдени мекемелердегі, баспа орындарында мамандар;
- баспаларда корректор;
- мемлекеттік ұйымдарда, әр түрлі кәсіпорындар мен өндірістік мекемелердің іс жүргізу және құжаттау бөлімдерінде іс жүргізуші.

## **1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ**

1 кәсіби құзыреттілік саласы: тіл және әдебиет саласындағы негізгі ұғым-түсініктерді, заңдылық-құбылыстарды біледі;

2 кәсіби құзыреттілік саласы: тіл және әдебиет салаларын оқытудың ғылыми теориялық негіздері мен технологиясын біледі;

3 кәсіби құзыреттілік саласы: пәндік, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік білімді кәсіби қызметте қолданудың білік-дағдыларын меңгереді. Озық, заманауи педагогикалық тәжірибені зерттеп, өз іс-әрекетінде қолдана алады.

## **1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН 2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** – Халық ауыз әдебиеті мен жазба ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын түсінеді және заманауи ақпараттар легіне негізделген талдау жолдарын меңгереді.

**ОН 5** – Өртүрлі дәуірдегі ақын-жазушылардың шығармаларының көркемдік ерекшелігін айқындау, қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын меңгеріп, жаңа білімді қолдануға және үйренуге қабілетті, сондай-ақ өзінің кәсіби іс-әрекетінің нәтижесін дұрыс бағалай алады.

**ОН 6** –Тіл білімі мен әдебиеттің бөлімдерінің лексика-диалектикалық, морфологиялық-синтаксистік, пунктуациялық-стильдік сипаттамаларымен қатар көркемсөз сипатын ашатын заңдылықтары негізінде және туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгереді.

**ОН 7** – қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың даму тенденциясы мен ағымдағы жағдайындағы тарихын және оларды педагогикалық, ғылыми-зерттеу, жобалық-құрастырушы, ұйымдастырушы-басқарушы қызметте қолдану тәсілдерін біледі; кәсіби қызметте қоғам пікіріне, дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, қоғамдық ережелерге негізделген интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби маман қалыптасады.

**ОН 8** – Түлек өзінің пәндік саласы бойынша жан-жақты білім мен түсінікті меңгерген, алған білімін тәжірибеде, оның ішінде көпсалалы немесе көп кәсіптік контекстте қолдана алады. Кәсіби өсуі үшін өзінің педагогикалық тәжірибесі туралы рефлексия құра алады.

**ОН 9** – Қазақ және әлем әдебиетін оқыту барысында жаңа инновациялық технологияларды сыни тұрғыдан саралап, білім мен ақпаратты тәжірибеде жүзеге асыруға үлес қоса алады.

**ОН 10** –Заманауи ақпараттар легіне, жаһандану үдерісі мен құбылыстарының динамикалық өзгерістеріне бейімделіп, әдебиетті оқыту әдістемесі бағытындағы мәселелерді оңтайлы шеше алады.

**ОН 11** - Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлға қалыптасады.

**ОН 12** - Педагогикалық қызметтің мәнін түсініп, терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби маман иесі болып қалыптасады.

### **БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы**

	<b>ОН 1</b>	<b>ОН 2</b>	<b>ОН 3</b>	<b>ОН 4</b>	<b>ОН 5</b>	<b>ОН 6</b>	<b>ОН 7</b>	<b>ОН 8</b>	<b>ОН 9</b>	<b>ОН 10</b>	<b>ОН 11</b>	<b>ОН 12</b>
<b>ТА1</b>								+				
<b>ТА 2</b>											+	
<b>ТА 3</b>					+		+					
<b>ТА 4</b>									+			
<b>ТА 5</b>				+								
<b>ТА 6</b>										+		+

## 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық